

ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі

7M07 - Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

7M072 - Өндірістік және өңдеу салалары
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0720

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

M111 - Тамақ өнімдерін өндіру
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

7M07201 - Азық-түлік өнімдерінің технологиясы (қолдану саласы бойынша)
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Магистр
(дайындық деңгейі)

Оқуға түскен жылы 2024 жыл

Әзірленді

БББ академиялық комитеті
АК жетекшісі Нұрымхан Гүлнұр Несептайқызы
БББ менеджері Асиржанова Жанна Баимбековна

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

инженерлік-технологиялық факультетінің академиялық сапа жөніндегі комиссиясының отырысында
№ 3 хаттама 15 қаңтар 2024 жылғы
тамақ инженериясы ғылыми-зерттеу Мектебінің академиялық сапа жөніндегі комиссиясының отырысында
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды
№ 1 хаттама 2024 жылғы 06 маусым

БЕКІТІЛДІ

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында, 2024 жылғы "19" қаңтардағы № 6/1 хаттама.

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында, 2024 жылғы 28 маусыдағы № 11 хаттама

Шет тілі (кәсіби)

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Тиісті білім саласының түпнұсқа әдебиетін шет тілінде еркін оқуға оқытуды көздейтін кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін жалпы мәдени, кәсіби және арнайы құзыреттерді меңгеру; мамандық бойынша монологиялық және диалогтік нысанда ауызша қарым-қатынас дағдыларын дамыту; магистранттың ғылыми жұмысымен байланысты тақырыптарда жазбаша ғылыми қарым-қатынас дағдыларын дамыту, сондай-ақ ғылыми саладағы халықаралық ынтымақтастықтың нысандары мен түрлерімен танысу.

Пәнді оқыту мақсаты

Магистратурада "Шет тілі (Кәсіби)" пәнін оқытудың мақсаты болашақ магистрдің кәсіби қызметінде тілді белсенді меңгеру дағдылары мен іскерлігін одан әрі дамыту негізінде шет тілінде білім берудің халықаралық стандарттары шеңберінде коммуникативтік құзыреттілікті жүйелі тереңдету болып табылады.

Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- кәсіби, ғылыми, қоғамдық-саяси қатынас сфераларындағы ауызша және жазбаша сөйлеу ерекшелігін білуі тиіс;
- кәсіби-себептелген жағдайлар шеңберінде шетел тіліндегі мәтінді құру мен ұйымдастырудың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін білуі тиіс;
- кәсіби қатынас сферасындағы шетел тілінің сөздік құрамының стилистикалық ерекшеліктерін білуі тиіс; орындай алу:
- лингвистикалық, социолингвистикалық, ақпараттық-аналитикалық және коммуникативтік аспектілердегі кәсіби қызметті жүзеге асыру;
- кәсіби және ғылыми қоғамдық-саяси қатынас сфераларындағы өзінің вербальды және вербальды емес тәртібін құру;
- әлеуметтік факторларға, қатынас жағдайына, әңгімелесушінің мәртебесіне және оның коммуникативтік ниеттеріне барабар алуан түрлі тілдік және сөйлесу құралдарын қолдану;
- басқа мәдениет өкілі және қатынасу сипаты басқа өкіл ретінде сөйлеу іс-әрекетін қатынасу міндеттеріне, сөйлесу жағдайына, жеке ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыру ептілігі болуы тиіс; дағдысының болуы:
- іскерлік, ақпараттық және кәсіби-техникалық сипатты хабарлардың сәйкес деңгейін естіп қабылдау және түсіну;
- кәсіби іс әрекет шегінде диалогтық және монологтық сөйлесу;
- оқылғаннан ақпарат алуды және оны сөйлегенде пайдалануды көздейтін іскерлік және ғылыми техникалық құжаттаманы танысып және зерделеп оқу;
- ресми, кәсіби сипаты хат жазғанда ойларды, ойлауды, ақпаратты жүйелі баяндау дағдылары болуы тиіс;

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Ғылым тарихы мен философиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән ғылыми ойлау мәдениетін зерттеуге бағытталған, аналитикалық мүмкіндіктер мен зерттеу дағдыларын қалыптастырады, болашақ ғалымға қажетті теориялық және практикалық білім береді. Ғылымның тарихи эволюциясын және олар қалыптастыратын философиялық перспективаларды зерттейді. Қазіргі ғылымның пайда болуы, оның әлеуметтік және институционалдық байланыстары сипатталған. Ойлау эксперименттеріне, теорияларды растау мен теріске шығаруға, сандық және жоғары сапалы зерттеу әдістерінің пайда болуы мен қолданылуына байланысты жалпы философиялық мәселелер қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

магистранттарда жалпыадамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде ғылыми ойлаудың тарихы мен философиясын (теориясын) терең түсінуге негізделген пәнаралық дүниетанымды қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

кәсіби қызметте іргелі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативтік білім мен дағдыларды қолдана білу

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Жоғары мектептің педагогикасы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс жоғары білім берудің негізгі бағыттарын, қағидаттары мен заңдылықтарын зерделеуге бағытталған. Курсты оқу барысында қазіргі педагогиканың базалық ұғымдары, оқыту мен тәрбиелеудің тұжырымдамасы мен теориясы, жоғары мектептің дидактикасы қарастырылатын болады. Магистрант білім беру процесін ұйымдастыруды жобалау дағдыларын, жеке және топтық рефлексия тәсілдерін меңгереді, педагогикалық мақсаттарды сауатты тұжырымдай алады, білім беру технологияларын оқу үрдісінде қолдана алады, пәндердің жұмыс бағдарламаларын құрастыра алады.

Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді игерудің мақсаты- жоғары білім туралы білім жүйесін, оның мазмұнын, құрылымын, білім беру процестерін басқару принциптерін игеру және білім беру процесін басқару мен ұйымдастыруда заманауи технологияларды игеру.

Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

* Жоғары педагогикалық білім беру проблемаларын және оны одан әрі дамыту перспективаларын шеше білу;

* Тиімді ЖОО технологияларын қолдану мәселелерін қарастыру дағдыларына ие болу;

* Өзекті және психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешу;

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Басқару психологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курстың мазмұны басқару психологиясының тәсілдері мен бағыттарын, басқарудың психологиялық заңдылықтарын, басқару мәселелерін жоспарлау мен шешу ерекшеліктерін меңгеруге бағытталған. Білім алушылар конфликттік жағдайларды шешудің психологиялық әдістерімен танысады, жұмысты ынталандыру тәсілдерін, басқарудың тиімді стильдерін қолдану әдістерін меңгереді. Басқару процесінің тиімділігінің төмендеуінің негізінде жатқан психологиялық себептерді талдау дағдылары қалыптасады.

Пәнді оқыту мақсаты

"Басқару психологиясы" пәнінің мақсаты қазіргі жағдайда психикалық құбылыстар жүйесі, мінез- құлықтың психологиялық айнымалылары және адамның саналы қызметі туралы ғылыми негізделген идеяларды қалыптастыру болып табылады және магистранттарда алынған психологиялық білімді білім беру қызметінде қолдану дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді

Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- ұжымды тиімді басқарудың нысандары мен әдістерін анықтай білу;

- ұйымдардың даму жоспарларын әзірлеу, ұйымдардың қызметіне психологиялық сүйемелдеуді жүзеге асыру;

- басқарушылық міндеттерді шешу әдістерін меңгеру.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (I)

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	11
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Заманауи әдістемелер мен зерттеу әдістерін, ғылыми- зерттеу жұмысындағы техникалар мен технологиялардың жаңа жетістіктерін пайдалана отырып, инновациялық жағдайларда күрделі кәсіби міндеттерді шешумен байланысты Білім және ғылым саласындағы қызметті дербес жүзеге асыру қабілетін дамыту

Пәнді оқыту мақсаты

Ғылыми- зерттеу жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру, оның ішінде ғылыми зерттеулердің бағытын зерттеу, таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтау және негіздеу, таңдалған тақырып бойынша әдеби деректерді талдау

Оқыту нәтижелері

ON2 Азық- түлік өнімдері саласындағы заманауи прогрессивті техникаларды қолдана отырып, тамақ өнімдерін өндіру технологиясын әзірлеу және жетілдіру кезінде ғылыми және әдіснамалық тәсілдерді пайдалану.

ON4 Тамақ өнімдерінің сапалық сипаттамаларын талдау мақсатында кешенді зерттеулерді жобалау және жүзеге асыру.

Заманауи аппаратураны пайдалана отырып, зертханалық зерттеулерді орындаудың әдістемелік негіздерін қолдану

ОН8 Азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы инновациялық саясаттың міндеттерін іске асыруда кәсіби білім мен дағдыларды қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- өзекті ғылыми-зерттеу жарияланымдарына негізделетін және жүргізілетін зерттеу саласындағы жетекші мамандар алған негізгі нәтижелер мен ережелердің талдауын, олардың диссертациялық зерттеу шеңберінде қолданылуын бағалауды қамтитын диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерге егжей-тегжейлі шолуды жүзеге асыру

- Интернет-технологияларды қоса алғанда, мамандандырылған дерекқорларды және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-техникалық және патенттік ақпаратты талдау және өңдеу

- диссертация тақырыбы бойынша материалдарды, зерттеу әдістерін таңдау және зерттеу

Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Постреквизиттер

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (II)

Педагогикалық практика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	6
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Жоғары оқу орындарындағы жүйемен жалпы танысу, осы оқу орындарында бейіндік пәндерді оқытудың ерекшелігі, бағыттары - оқу, тәрбие және ғылыми. Практикалық қызметті жүйелі талдау. Зертханалық және практикалық сабақтардың әдіснамасы мен бағалауын жүргізу. Инновациялық және заманауи технологияларды және оқыту техникаларын қолдану. Сабақтарды кесте мен жоспарға сәйкес орындау. Аудиториямен байланыс. Оқу-әдістемелік материалдар жасау.

Пәнді оқыту мақсаты

Магистранттардың теориялық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын практикалық бекіту, болашақ кәсіби қызмет саласында практикалық тәжірибе алу

Оқыту нәтижелері

ОН1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- ЖОО-дағы білім беру процесінің қазіргі жай-күйін, озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, бакалавриат студенттерінің Жас, кәсіби және жеке ерекшеліктерін және ұжымның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, білім берудің жалпы мақсаттарына сүйене отырып, нақты білім беру міндеттерін айқындау дағдыларын жетілдіру, оларды шешу жолдарын табу және күтілетін нәтижелерді болжау

- оқытудың нақты міндеттерін шешу кезінде педагогикалық арнайы білімді пайдалану процесінде оларды бекіту, тереңдету және байыту

- магистранттардың бойында тұлғаның кәсіби-маңызды қасиеттерін қалыптастыру, кәсіби білімі мен дағдыларын дамыту; педагогикалық қызметке шығармашылық, зерттеушілік көзқарасты қалыптастыру

Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Постреквизиттер

Зерттеу практикасы

Қайта өңдеудің инновациялық технологиялары - етті, сүтті, балықты

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән ет, сүт, балық өңдеудің инновациялық технологияларын қарастырады. Сақтау кезінде ет шикізатының жаңа технологияларын зерттейді. Етті өңдеу әдістері электроконтактілік, ультрадыбыстық. Етті өңдеудің жаңа әдістері. Ет өнеркәсібіндегі нанотехнология. Балаларға арналған сүт және кілегей, ірімшік, ашытылған сүт, сүзбе, сүзбе және сүт өнімдерін, балық және балық өнімдерін өндірудің жаңа технологиялары. Гидробионт өнімдерінің технологиясы: тұздау, кептіру, түтінмен ыстау арқылы алынған.

Пәнді оқыту мақсаты

Жануар тектес шикізатты өңдеудің заманауи технологиялары туралы білім беру.

Оқыту нәтижелері

ОН3 Өсімдіктер мен жануарлардан алынатын тамақ өнімдерін өндірудің технологиялық процестерін әзірлеу және жетілдіру.

ОН5 Тамақ өнімдерін өндірудің технологиялық процестерін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- шикізатты өңдеудің инновациялық технологияларын пайдалану

- әдістердің тиімділігін талдау

- алдыңғы қатарлы технологияларды қолдана отырып өнімдер әзірлеу

Пререквизиттер

Жасанды тамақ өнімдерінің технологиясы Тамақ өнімдері өндірістеріндегі технологиялық процестерді модельдеу Эксперименттерді ұйымдастыру және жоспарлау Ғылыми зерттеулер әдістемесі

Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың

Ғылыми-зерттеу жұмысы (II)

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	4
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Заманауи әдістемелер мен зерттеу әдістерін, ғылыми-зерттеу жұмысындағы техникалар мен технологиялардың жаңа жетістіктерін пайдалана отырып, инновациялық жағдайларда күрделі кәсіби міндеттерді шешумен байланысты Білім және ғылым саласындағы қызметті дербес жүзеге асыру қабілетін дамыту

Пәнді оқыту мақсаты

Таңдап алынған тақырып шеңберінде эксперименттік зерттеулерді, деректерді өңдеу мен талдауды, зерттеу проблемасын түпкілікті қоюды, оны шешу әдістерін әзірлеу мен талдауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу

Оқыту нәтижелері

ON2 Азық-түлік өнімдері саласындағы заманауи прогрессивті техникаларды қолдана отырып, тамақ өнімдерін өндіру технологиясын әзірлеу және жетілдіру кезінде ғылыми және әдіснамалық тәсілдерді пайдалану.

ON4 Тамақ өнімдерінің сапалық сипаттамаларын талдау мақсатында кешенді зерттеулерді жобалау және жүзеге асыру. Заманауи аппаратураны пайдалана отырып, зертханалық зерттеулерді орындаудың әдістемелік негіздерін қолдану

ON8 Азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы инновациялық саясаттың міндеттерін іске асыруда кәсіби білім мен дағдыларды қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- өз бетінше зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін түсіндіру әдістерін қолдану

- зерттеу нәтижелерін өңдеу, түсіндіру және талдау, ғылыми және практикалық маңыздылығы тұрғысынан болжамды нәтижелерді бағалау

- ғылыми-зерттеу жұмысында шикізаттың, жартылай фабрикаттардың және дайын өнімнің қасиеттерін зерттеудің заманауи әдістерін, озық техника мен технологияларды қолдану және диссертация тақырыбы бойынша эксперименттік жұмыстар жүргізу

Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Постреквизиттер

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (III)

Зерттеу практикасы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	13
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Зерттеу практикасы магистранттың ғылыми - зерттеу жұмысының бір бөлігі болып табылады. Зерттеу практикасы магистранттың диссертация тақырыбы бойынша қойылған міндеттерді шешуге бағытталған. Зерттеу экспериментін қою, шикізаттың және дайын өнімнің сапасын бағалау кезінде органолептикалық, құрылымдық-механикалық, физика-химиялық зерттеу әдістерін қолдану. Тәжірибе кафедрада ғылыми жұмыс жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен, эксперименттік деректерді өңдеу және интерпретациялаумен танысу

Оқыту нәтижелері

ON8 Азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы инновациялық саясаттың міндеттерін іске асыруда кәсіби білім мен дағдыларды қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- эксперименттер жүргізу әдістемелерін қолдану, шикізат пен дайын өнімнің тағамдық және биологиялық құндылығын; электрондық микроскоптағы микроқұрылымды; спектрометрдегі оптикалық және спектрлік сипаттамаларды; "Структурометр" жанындағы реологиялық көрсеткіштерді анықтау

- шикізаттың, материалдардың және дайын өнімнің физикалық-химиялық, құрылымдық-механикалық, органолептикалық және токсикологиялық көрсеткіштерін анықтау әдістемесін меңгеру

- оқу, ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету, шикізаттың, жартылай фабрикаттардың және дайын өнімнің қасиеттерін зерттеудің заманауи аппаратурасы мен әдістерін пайдалана отырып, ғылыми-зерттеу және өндірістік міндеттерді шешу үшін зерттеулерді өз бетінше орындай білу

Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (III)

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	9
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Заманауи әдістемелер мен зерттеу әдістерін, ғылыми-зерттеу жұмысындағы техникалар мен технологиялардың жаңа

жетістіктерін пайдалана отырып, инновациялық жағдайларда күрделі кәсіби міндеттерді шешумен байланысты Білім және ғылым саласындағы қызметті дербес жүзеге асыру қабілетін дамыту

Пәнді оқыту мақсаты

Диссертациялық жұмыс үшін нақты материалдарды жинау, ақпаратты өңдеу, талдау және жүйелеу, олардың диссертациямен жұмысты аяқтау үшін дұрыстығы мен жеткіліктілігін бағалау

Оқыту нәтижелері

ON2 Азық-түлік өнімдері саласындағы заманауи прогрессивті техникаларды қолдана отырып, тамақ өнімдерін өндіру технологиясын әзірлеу және жетілдіру кезінде ғылыми және әдіснамалық тәсілдерді пайдалану.

ON4 Тамақ өнімдерінің сапалық сипаттамаларын талдау мақсатында кешенді зерттеулерді жобалау және жүзеге асыру. Заманауи аппаратураны пайдалана отырып, зертханалық зерттеулерді орындаудың әдістемелік негіздерін қолдану

ON8 Азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы инновациялық саясаттың міндеттерін іске асыруда кәсіби білім мен дағдыларды қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- заманауи ақпараттық технологияларды, эксперименттік деректерді талдау және өңдеу әдістерін қолдану
- орындалған ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша баяндамалар тезистерін, ғылыми мақалаларды жариялау
- магистрлік диссертацияның соңғы мәтінін дайындау

Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау